

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ
Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты
Халақаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

2 том

VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ
Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 год

МАТЕРИАЛЫ

Международной научной конференции
Студентов и молодых учёных
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 год

Том 2

VI INTERNATIONAL FARABI READINGS
Almaty, Kazakhstan, 02-11 April, 2019

MATERIALS
International Scientific Conference
Of Students and Young Scientists
«FARABI ALEMI»
Almaty, Kazakhstan, 02-11 April, 2019

Volume 2

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

Әдебиеттер:

1. Ақытұлы Ғ. Ақыт Үлімжіұлы «Қазақ тарихындағы әйгілі адамдар».– Алматы, «Мұсылман баспа үйі», 2008. – 137 б.
2. Жанәбілұлы Қ. Ғұлама ақын Ақытты шын мәнінде танып, Ақыттану ғылымын жасайық. // Шыңжаң қоғамдық ғылымы, №1, 1990. Қараңыз: Жанәбілұлы Қ. Ақыт хақында // Үлімжіұлы А. Шығармалар жинағы, Том 2. – Күйтің: «Іле халық баспасы», 1999. – 687 б.
3. Ақыт қажы Үлімжіұлы. Жиһаншаһ: жыр, толғау, қисса-дастандар. – Баян-Өлгий, 1994. – 143 б.
4. Өсерұлы, Н. Иман шарт. – Алматы : Қайнар, 1991. – 352 б.

ИСЛАМ АТЫН ЖАМЫЛҒАН ҰЙЫМДАРДЫҢ АДАМЗАТҚА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ

*Исаков Б.А.,
магистрант, 2 курс, «Дінтану» мамандығы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші:
Байтенова Н.Ж.,
филол.ғ.д., профессор,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Ислам тарихында да негізгі жолдан ауытқыған діни ағымдар кезікті. Көбі уақыт өте жойылып кетсе де, кейбірі қазіргі күнге дейін жеткен. Ондай адасқан ағымдар жойылып кеткенімен түпкі идеологиялары мен сенімдері ұмытылып кетті деп айту қиын. Ислам мен псевдоислам тақырыбы қазақ қоғамы үшін де қазіргі кезде өзекті болып, бұлардың қайсысы дұрыс деген сұрақ туындады. Теріс пиғылды діни ағымдар елдің бірлігі мен ынтымағына, тұрақтылығы мен бейбіт өміріне зиян тигізери сөзсіз. Бірқатар мұсылман елдері дәстүрлі исламға қайшы ағымдардың насихат жұмыстарына түбегейлі тыйым салып, ресми тіркеуге де алмаған жағдайда. Осы себепті ислам атын жамылып, шынайы исламға қара дақ жағатын жалған исламдық ағымдардың ерекшеліктерін ашып көрсету халықтың баянды болашағы үшін керек-ақ.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр Жастарымыздың бір бөлігі осы жат діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені біздің қоғамның бір бөлігінің шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз» [1], – дей отырып, дәстүрлі емес секталар мен жалған діни ағымдардың қызметіне қатаң тосқауыл қою қажеттігіне ерекше назар аудартқан болатын. Зерттеушілер соңғы уақыттарда исламның саясиланып, саясаттың исламданып бара жатқанын жіті байқаған [2].

Ислам атын жамылған ағымдардың пайда болуының тарихи тұрғыдан алғанда өзіндік бірқатар себептері болды. Құран аяттары ағымға бөлінуге шақырмаса да, бұндай шындықтың кездесетіні хадистерде хабар берілген. Түрлі ағымдар, оның ішінде ислам атын жамылған ағымдардың да қалыптасуына діни үкімдерді түсіну мен түсіндіру барысындағы әдістер: араб тілінің грамматикасының ерекшелігіне байланысты, бір хадистің түрлі мағынада риуаят етілуіне байланысты, бір сұраққа қатысты түрлі мағынадағы бірнеше хадистердің кездесуі, пайғамбардың іс әрекеті мен сөздерінің әркелкі жорамалдануы, имамдардың хадис іліміндегі дәрежелерінің әркелкі болуы, хадис дәрежелерін белгілеудегі тәсілдердің әртүрлі болуы, хадистегі насих, мансух мәселесі т.б. этностық жағдайлардың әсері, халифалыққа қатысты бірқатар саяси оқиғалар әсер еткен. Ал Уаххаби, Бахаи, Ахмадия, Құраниттер, Зікіршілер секілді т.б. беріде пайда болған ағымдарға сыртқы күштердің әсері болғаны анық.

Кең тараған діни теріс пиғылды ағымдардың ұстанған ережесі – адамды алдау-арбау, физикалық, психикалық және рухани еркіндігін шектеу. Бұл мәселені медициналық-психологиялық жағынан қарастырған Денсаулық сақтау маманы М. Бапанованың дәрігерлік зерттеуі мынандай нәтиже берген: «Деструктивті діни ұйымдарға жиі қатынайтындардың жан дүниесінде мынадай өзгерістер аңғарылады: сектадағы соқыр сенімнің шынайылығына илану, әке-шешеге деген араластықтарында өшпенділіктің пайда болуы, оқу оқудан, тектептен, жұмысынан, дәрігерге қаралудан бас тарту, журнал, телеарна, газеттерді оқып, көруден тыжырыну, кемінде 3-5 сағат көз шырымын алу, ақуызды тағамдарды тұтынбау, тұйықтану, дос-жарандармен араласпау, әлемде орын алған сыртқы өзгерістерді елемей. Ұйым жетекшілері қатарындағы кісілердің санын көбейту үшін түрлі айла-тәсілдер қолданады.

Теріс ағымның ықпалына түскен адамның бойында кездесетін белгілер:

1. Отбасына, достарына, жұмысына қарым-қатынасының өзгеруі.
2. Діни тақырыпта жиі сөз қозғап, дауласу, айтысып-тартысу.
3. Өз елінің салт-дәстүріне қарсы шығу, мысқылдап қарау.
4. Ата-анасына бағынбау, үйінен жиі себепсіз кетіп қалу.
5. Тамақтану тәртібінің бұзылуы, оқшаулану, бөлектену.

6. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуден қалу.

Алдымен өз құрығына түскен ізбасарын, жақтаушысын сол мемлекетпен байланыстыратын байланыс нысандарынан ажыратуға әрекет жасайды. Яғни мемлекет несімен құнды болса, сол құнды нәрселерді, мысалы: ата-анамыз, тарихымыз, ұлтымыз, дініміз, мәдениетіміз, салт-дәстүріміз, дүниемүлкіміз т.с.с құндылықтарды санамыздан жоюға күш салады. Осы құндылықтарды санасынан жойған адам кез келген уақытта өз отанынан бас тартуға дайын тұрады.

Қазіргі таңда бір өкініштісі, еліміздегі Ислам атын жамылған деструктивті діни ағымдардың бойында дәл осы сипаттар табылады. (Уахабистер, такфиршілер, харижиттер, хауариждар, таблиғшылар, құраниттер, т.б). Нәтижесінде бүкіл құндылықтарды жоққа шығарады.

Біріншіден, ата-анаң намаз оқымаса, олар – кәпір, ал кәпірмен бірге тұруға болмайды. Олардың асын ішу шарифат бойынша харам дей отырып, баланы әке-шешеден ажырату.

Екіншіден, тарихыңды ұмыт, ата-бабаң адасқан, отқа табынған, шаминизм дінінде болған, олар мушрикер (Аллаға серік қосушы күнәһарлар), тіпті «Абайың адасқан, Шәкәрімнің шатасқан» деген де сөзді ұранға айналдыра бастаған.

Үшіншіден, ұлтжандылық болмау керек, қазақ деп бөлінбеу керек, мұсылман деген бір ғана ұғым болуы керек деп жастардың санасын улауда.

Төртіншіден, дінің де шарифат талаптарына сай емес. «Сен Пайғамбардың сүннетімен жүресің бе, жоқ әлде Ханафи мазхабын ұстанасың ба?» дегендей сөздерімен Ханафи мазхабын ислам дінінен бөлек етіп көрсетуге тырысуда. Дұғадан кейін бет сипауға болмайды, өліге құран бағыштауға, жеті шелпек те болмайды деген желеумен ата діннен адастыруға тырысуда.

Бесіншіден, мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді жоққа шығарғысы келеді, исламға музыкаң харам, сондықтан домбыраңнан бас тарт, келіннің үлкенге сәлем салуы ширк (Аллаға серік қосу) деп, ұлттық менталите тімізден айыруға тырысады.

Ата-анасын, тарихын, ұлтын, асыл дінін, мәдениетін, салт-дәстүрін санасынан сызған азаматтарды (зомбиге айналған) басқару енді оңайға түседі. Сондықтан оларды кез келген уақытта өз-өзін жаруға, өзгенің жанын қиюға, әлемдегі қақтығыстар орын алған мемлекеттерге – Сирия, Египет, Ауғанстан, Пәкістан, Кавказ бен Украина секілді елдерге жалған жиһадқа жіберу қиынға соқпайды. Ең ғажабы, шарифат талаптарынан алшақ кеткен, қыңыр-қисық ағымдардың өкілдері бізге бұзық пікірін итермелеп қана қоймайды, соның бәрін діннің атын жамылып, дін хақына қол соғып, өздерінің жансақ түсініктерімен келіспеген адамды діннен шықты деп кесім айтады. Діннен шығару, күпірлікке балау өздерінің дүниетанымына сәйкес келмейтін ойшылға жала ретінде жаба салатын оп-оңай іс болып қалды. Алайда дәстүрлі, соңғы, хақ ислам дінінің бізден талап еткен нәрсесі бұл емес [3, 175 б.].

Ислам атын жамылған экстремистік, радикалды, деструктивті діни ағымдардың түпкі мақсаты:

Біріншіден, мемлекетте диктатура орнатуды ашық жариялайды, яғни бұл дегеніміз – елдегі азаматтардың құқықтарын кемсіту.

Екіншіден, елдегі конституциялық құрылымды үзілді-кесілді мойындамайды, оны зорлық-зомбылық күшімен жоюға және билікті заңсыз басып алуға ашық түрде насихаттайды.

Үшіншіден, заңсыз қарулы жасақтар құрады.

Төртіншіден, елде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тіл және діни алауыздықты қоздырады.

Бесіншіден, елде белгілі бір ұлттық немесе діни конфессияның тоталитарлық режимін орнатуға ұмтылады. Жалпы, экстремизмнің қай түрі болса да бүкіл әлемге, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, елдің тұтастығына, азаматтардың құқығына және бостандығына үлкен қауіп төндіреді [4].

Псевдо діни ұйымдардың екі жағы бар: бірі коммерциялық, екіншісі идеологиялық. Олар діни ағымнан бөлек салым салушы немесе бизнесмен ретінде де еркін жұмыс атқарады. Оған қарсы тұру үшін жеке тұлғаның құқықтық және діни сауатты болуы өте маңызды. Еліміздің Конституциясында ар-ождан бастандығы, дінге және діни нанымға қатысты кемсітуге болмайтындығы, барлық діни бірлестіктердің заң алдында тең құқылы екендігі жазылған. Дей тұра соңғы жиырма жылда қалыптасқан еліміздегі діни ахуал белгілі бір алаңдаушылық тудырып отырғаны белгілі. Жастардың құқықтық және діни сауатын жетілдіру бағытында жұмыстар атқарылуы тиіс. Себебі қазіргі дәстүрден тыс деп аталып жүрген діни ағымдардың негізгі жұмысы жастарға бағытталып, олардың қатарын көбінесе оң солын толық тани қоймаған жастар құрап отыр.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012. – 14 желтоқсан [Электрондық қор]. – Қолжетімді режим: <http://www.akorda.kz>
2. Байтенова Н.Ж. (авторлық ұжымның жетекшісі), Құрманалиева А.Д., Абжалов С.У., Бейсенов Б.Қ., Борбасова Қ.М., Затов Қ.А., Рысбекова Ш.С., Мейрбаев Б.Б., Альмухамедов А.Р. Дінтану негіздері. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010. – 346 б.
3. Қаныбекова Қ. Діннің әлеуметтік мәні // Ұлттық идея философиясы: ғылыми мақалалар жинағы. 2 бөлім. – Алматы, 2009. – 34 б.
4. [Электрондық қор]. – Қолжетімді режим: <http://halyk-gazeti.kz>

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫ НАСИХАТТАУ ЖОЛДАРЫ

*Исраилова А.Н.,
Магистрант, 2 курс, «Исламтану» мамандығы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші:
Курманалиева А.Д.,
филол.ғ.д., профессор
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Ислам – қазіргі Қазақстанда ұстанушылар саны басым, сондай-ақ, рухани ахуалға, және қоғамның әлеуметтік өміріне әсері басым дін екені белгілі. Халықтың рухани жаңғыруы тәуелсіздік алғаннан басталды және ол ұлттық дәстүрлерге қайта оралумен, тарихи жады мен қазақ этносының батырлық өткенін қалпына келтірумен байланысты, ол үшін ислам барлық тарихи кезеңдерде руханилықтың, ұлттық менталитеттің және сипаттың көзі болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстандағы ислам зайырлы мемлекеттегі діннің жоғары жағдайы мен мәртебесімен анықталатын жаңа тарихқа ие болды деп айтуға болады. Қазақстан қоғамында атеизмнің мемлекеттік идеологиясынан босанған алғашқы жылдардан бастап қарқынды діни жаңғыру, қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін ертеден қоректендірген рухани бастауларға оралу байқалды. Зайырлы демократиялық мемлекетті айқындайтын діни сенім бостандығы қағидатын жүзеге асыру азаматтардың діни қажеттілігін қанағаттандыру және олардың рухани білім алу мүмкіндіктерін кең көлемде қамтамасыз етті. Діни сана жаңа серпін алды. Ислам дамуының барлық тарихи кезеңдерінде қазақ халқының өмір сүру салты мен әлемді рухани қабылдануының көрінісі болып қалыптасты. Ислам бейнесі әлемдік тарихтың жаһандық оқиғаларындағы оның рөлін анықтаумен, адамзатқа ғылымның, философияның, поэзияның, музыканың жоғары жетістіктерін сыйлаған ең керемет, орасан зор өркениеттердің бірін қалыптастырумен өзіне тән ұлылыққа ие болды. Зайырлы мемлекетте исламның рухани болмысы, толеранттылық пен бейбітшілік сүйгіштік гуманистік құндылықтар жүйесі, адам мен қоғамды рухани-адамгершілік жетілдіру этикасы, басқа конфессиялармен, сондай-ақ зайырлы институттар мен құрылымдармен диалог пен ынтымақтастыққа бағытталуы тарихта бұрын-соңды болмаған сұранысқа ие болды. Тәуелсіздік жылдары ислам дінін ұстанушылардың саны артып, исламдық сана-сезімнің түрі өзгерді. Қазақ халқының ғасырлық тарихында халық исламы қалыптасты. Қазіргі Қазақстандағы Ислам мәдени және әлеуметтік мәртебесін, қоғамның рухани ахуалына әсерін қалпына келтірді [1].

Қазіргі имамдар пәтуа беру, жамағаттың сауалына жауап жазу, діни оқу ағарту, уағыз, үгіт-насихат, діни кадр даярлау, сауат ашу, дәстүрлі емес діни бағытты ұстанатын азаматтарға жеке түсіндіру шараларын ұйымдастыру, БАҚ және ғаламтормен жұмыс, әкімшілік, бақылау-басқару іс-шаралары, әйел-қыздар, жастар секторының жұмысы, қайырымдылық жасау, т.б. ауқымды іс-шаралар бағытында қызмет атқарады. Бұл діни синкретизмнен нормативтік ағартушылық исламға ақырындап ауысуының бір көрінісі болып табылады.

Ислам дінін насихаттау, тарату, Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбар уағыздарының дұрыс насихатталуын қамтамасыз ету, ислам дінінің, Қазақстан мұсылмандарының бірлігін сақтау, діни ұйымдардағы шарифаттың толық әрі дұрыс орындалуын қамтамасыз ету, облыстардағы өкіл имамдар арқылы республика мұсылман жамағатының діни мәселелерін шешу, республикада ислам дінін оқытып-үйрететін мамандар даярлау, сондай-ақ, шет елдік діни ұйымдармен, бірлестіктермен, оқу орындарымен қарым-қатынас орнату, діни әдебиеттер, оқулықтар, т.б. қажетті басылымдарды әзірлеу негізі 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басында қаланған қазіргі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының басты мақсаты мен міндеті болып табылады. Басқарманың арнайы пәтуа бөлімі де өзінің жеке ресми сайтында белсенді қызмет атқарып келеді [2].

Дін мұраттарын қалың бұқараға ұғынықты етіп жеткізу үшін де ең алдымен қазақтың тілі мен тарихын, мәдениеті мен әдебиетін жетік білу қажет. Бұл қазіргі дін мамандарына қойылатын талаптардың бірі болып табылады. Ұлттық таным мен әдет-ғұрыптардың мұсылманшылықпен сабақтастығын саралап көрсететін сүбелі еңбектер жазылып жатыр. Өйткені, дін әрбір ұлтты ұлт етіп қалыптастыратын, тілі мен ділін, мәдениетін, мемлекетшілдігін, ойлау жүйесін жаңа деңгейге көтеретін бірден-бір фактор. Осыған байланысты, Ислам діні халықтың ділімен біте қайнасқан, ұлттық болмыстың ажырамас бөлігі, Ислам шарифаты дұрыс ұғымдарды, ізгі мұраттарды бекітіп, бұрыс ұғымдарды тоқтату үшін келген, шарифатта халыққа үйреншікті болған жақсы дағдылар мен әдет-ғұрыптарды дәлел ретінде келтіру арқылы тарату, насихаттау – барлық мазһабтардың имамдары қолдаған әрекет [3].

СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
СЕКЦИЯ: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	
Болысбаева А.К. АНАЛИЗ СТЕПЕНИ ОБРАЗОВАННОСТИ ЖЕНЩИН В ИСЛАМСКИХ СТРАНАХ	370
Қабдолда Қ. УАҚЫП ИНСТИТУТЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ: ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ КІРІСПЕ. МӘСЕЛЕНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	372
Қабдолда Қ. ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ УАҚЫПТАР ТАРИХЫНА ШОЛУ	380
Камалова Ф.Б., Байтенова Н.Ж., Кантарбаева Ж.О. КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІ АЙҚЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ	385
Карыбаева А.Н., Курманалиева А.Д. ДЕСТРУКТИВНОСТЬ В РЕЛИГИОЗНОМ ПОВЕДЕНИИ	390
Мажен Е., Жамашев А. БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ДІН МӘСЕЛЕСІ	393
Мустафина Ж.Д., Мәден А.Т. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ СИМВОЛДЫҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ	395
Нукасов Е.С., Мухитдинов Р.С. МАЙЛЫҚОЖА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ НӘПСІ ТАРБИЕСІ	399
Сайлаубекқызы А. ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ БЕЛГІЛЕРІ	401
Сарсембаев Р.М. РЕЛИГИОЗНЫЙ ПЛЮРАЛИЗМ КАК СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН	405
Tutinova N.E. Meirbaev B.B. DEFINITION AND TYPOLOGY OF SOCIO-CULTURAL CONFLICTS	408
Юлдашев Т.У., Бейсенов Б.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС АҒЫМДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	412
Yessekeyeva E.F. RELIGION AND CONTEMPORARY VISUAL ART	416
Абдрахимова Г.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ СІҢГЕН «СОПЫЛЫҚ» ДІНИ ТЕРМИНІ	418
Абитаева Г.Т., Құрманалиева А.Д. ИСЛАМДЫҚ ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА ӘСЕР ЕТУДІҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ	421
Билекен С., Мұқан Н. ОНЛАЙН ӨМІРДІҢ ЗИЯНДАРЫНА ИСЛАМ ЭТИКАСЫ ТҮРҒЫСЫНАН КӨЗҚАРАС	424
Бокенбай Ж.А., Башаров Қ.С. ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДА ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ ТАРАЛУЫНА ҚАРСЫ ӨРЕКЕТ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ	427
Болатханова А.Б., Альджанова Н.К. ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ ДІНИ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ДИАЛОГ	430
Даулетбекқызы Д., Байтенова Н.Ж. ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУПТІЛІГІ	432
Есдәулет Е., Құрманалиева А.Д. МӘТУРИДИ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ	435
Жақаев Д.С. ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ ІЛІМ	438
Женімпаз Е., Мұқан Н. АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ ӨНЕГЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР	442
Исаков Б.А., Байтенова Н.Ж. ИСЛАМ АТЫН ЖАМЫЛҒАН ҰЙЫМДАРДЫҢ АДАМЗАТҚА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ	445
Исраилова А.Н., Курманалиева А.Д. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫ НАСИХАТТАУ ЖОЛДАРЫ	447
Касинова К.Е., Байтенова Н.Ж. БАТЫС АЙМАҚТАҒЫ КИЕЛІ ТАНЫЛАТЫН ДІНИ ЖӘНЕ ҒИБАДАТ ОРЫНДАРЫ	451
Кершеев Ж.Ж., Әділбаева Ш. «ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫМӘДЕНИЕТТЕР СҰХБАТЫ, ҰЛТТЫҚ КОД ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»: ҚАЗАҚ САНАСЫНДАҒЫ КЕМЕЛ ОТБАСЫ ҮЛГІСІ	454
Қонысбекқызы Ү., Борбасова Қ.М. ИСЛАМ ДІНІНЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ «ТӘҢІРЛІК» СЕНІМ	458
Кулмуратова Г.К. ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ДЕСТРУКТИВТІ КӨРІНІСТЕРІ	462
Мағаз С. БІРІККЕН ШІРКЕУ ҰЙЫМЫНЫҢ ІЛІМДІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	465
Мусурманова Д.С. ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН	469
Орынбеков Н.А., Құрманалиева А.Д. ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ	472
Отарбаева П.Ф., Құрманалиева А.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМДІ ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ	475
Рысбек Т.Ж., Рысбекова Ш.С. САЛАФИЯ АҒЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛУІ	477
Сағнадина А.Т., Борбасова Қ.М. ПРЕСВИТЕРАНДЫҚ АҒЫМДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	480
Смагулов Н.А., Анарбаев Н.С. ИСЛАМ ДІНІ ҚОҒАМДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІКТІ САҚТАУШЫ ФАКТОРЫ	482
Тлеубердиев Б.К. ҚҰРАНЫҢ ИБРАҺИМДІК ДІНДЕРДІҢ КІТАПТАРЫМЕН ОРТАҚ ТҰСТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ	486
Тойғылы Д. ХАДИС ІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖАҒДАЙ	489
Түгел Н.Б. «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМ» ТҮСІНГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ СИПАТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	492

Хумархан Ж., Құрманалиева А.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРІК ДІНИ ЖАМАҒАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫ	496
Шайкенова Р., Бағашаров Қ. ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ ҚҰҚЫҒЫ	500
Шаку М.Е., Байтенова Н.Ж. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ИСЛАМ ДІНІМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ	503
Шамсудинова Р.В., Рысбекова Ш.С. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ НА БАЗЕ КАЗАХСТАНСКИХ ИСТОЧНИКОВ	507
Шойбек Б., Байтенова Н.Ж. ФАКТОРЫ РАСПРОСТРАНЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОГО И ИНФОРМАЦИОННОГО РАДИКАЛИЗМА В СФЕРЕ МОЛОДЕЖИ	510
СЕКЦИЯ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕРІНІҢ ДАМУЫ СЕКЦИЯ: ВОПРОСЫ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ	
Жумабекова К.Б. БІЛІМ МЕНЕДЖЕРЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ӘРЕКЕТТЕРІ	514
Калкашев С.Г. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	518
Кеңесбай Е.Қ. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	521
Aman Zh. THE ROLE OF THE TEACHER-PSYCHOLOGIST IN THE FORMATION OF COMMUNICATIVE COMPETENCE IN SENIOR PUPILS	523
Мұқтар Т.Т. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ	525
Батжанова М. ФОРМИРОВАНИЯ ОРГАНИЗАТОРСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ	528
Шамсудинова Р.В. ФЕМИНИЗМ СКВОЗЬ ПРИЗМУ КИНО	531
Қуанышбаева А.Т. В.Ф. ШАТАЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ	535
Казалканова Г. Б ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ САПАСЫ	538
Қожанова А.Н. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	541
Makhambetova Zh. T. FEATURES OF INCLUSIVE EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	544
Успанова Д.К. ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ СТАНОВЛЕНИЕ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ В КОНТЕКСТЕ ЖИЗНЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ	547
Ярликасинова Перизат Базаралықызы САНКЦИЯНЫҢ КЕРІ ӘСЕРІН РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ	549
Азаматов Нурлан ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	551
Беркінбай Гүлназ Нұржанқызы МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫ	554
Ошан Баян МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	556
Жданова А.А. РОЛЬ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ В ОСВОЕНИИ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ ОБЩЕСТВА	559
Ә.Т. Зиядинова ПРОФЕССОР К.Ж.ҚОЖАХМЕТОВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ «ӨЗІН-ӨЗІ» ТАҢУ ПӘНІ МАЗМҰНЫНДА КӨРІНСІ	562
Шнарбекова Молдир Кақпанбаевна АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ НЕРОДНОГО ЯЗЫКА	564
Шайланов Е.С. ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ НАШАҚОРЛЫҚҚА ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ АЛДЫН-АЛУ ЖҰМЫСЫ	568
Лукпанов А.А. СОЦИАЛЬНАЯ СТРАТИФИКАЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ НЕФТЯНЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ КАЗАХСТАНА И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ИДЕНТИФИКАЦИЮ И ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ РАБОТНИКОВ	571
Лукпанов А.А. СОЦИАЛЬНАЯ СТРАТИФИКАЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ НЕФТЯНЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ КАЗАХСТАНА И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ИДЕНТИФИКАЦИЮ И ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ РАБОТНИКОВ	575
Ермаханова Салтанат ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ – ЗОМБЫЛЫҚ КӨРГЕН ӘЙЕЛДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУ	579